

Ғалымның сүйікті жиені еді

Биылғы жылдың 12 сәуірінде халқымыздың біртуар перзенті, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 109 жыл толады. Оның өз кіндігінен тараған үш қызынан бөлек басқа да туған-туыстары, өрен-жарандары көп болатын. Солардың бірі былтыр ғана дүниеден озған жиені Ғинаят Назаров марқұм еді. Жан дүниесі таза, аса сыпайы, биязы да мәдениетті осынау адаммен таныс-білістігімізге де сирек ғасыр уақыт өтіпті. Оған себеп – біздің екі арадағы бажалығымыз. «Туыста бажа, малда бота тату» демекші, екеуіміздің жұбайларымыз кешегі Бұқар жырау, Шорман, Қаныш шыққан қалың Қаржас тегінен. Атап айтқанда, Ғинекең үйіндегі жеңгеміз, қазірде зейнеттегі мұғалім Күлтай Баязитқызы Қанағақмен үш атадан қосылса, менің өмірлік серігім Гүлбану Артықбаева да Қаржас баның Базар тармағынан. Сондықтан да 1993 жылдың жазғы бір демалысында Баянауылға өтіп бара жатып олармен етене жақындасу ниетімен сол ауданның ғалым ағамыз атындағы кеңшарына отбасымызбен аялдағанбыз. Сұрастыра келе ол үйді де таптық. Әсілінде тектінің жұрағаттары ғой, мән-жайымызды айтып, бір-екі ауыз тілге келген соң, бізді төбесіне көтеріп күтті. Содан бергі мезгілде аралас-құрала-

сымыз, бір-бірімізге барыс-келісіміз үзілмей, бір туғандай болып көткеніміз рас. Өкініштісі, бүгінде ортамызда Ғинекеңдей абзал азаматтың жоқтығы ғана...

Біз барғанда Ғинекең аталған кеңшардың шаруашылық жағын басқарып, Күлекең орта мектепте ұстаз болып жүрген кезеңдері. Сонда осы отбасында өрімдей болып өсіп-келе жатқан жауқазындай бір ұл, үш қызға көзіміз түсіп, олардың үлкендерді сыйлап, құрметтей білетіндігіне ризалықпен аттанған едік. Бүгінде сондағы Қайролла Астана қаласындағы ірі бір құрылыс фирмасында менеджер болса, Алмагүлі ҚР Ұлттық сараптама орталығында дәрігер де, Меруерті Е.Бекетов атындағы колледждің тәрбие жөніндегі директоры, баланың кенжесі Алтынай ҚР көлік және коммуникация министрлігінде жетекші маман. Ұлықыздан өрбіген он немересі тағы да өркенін жаюда.

...Сол жолы азын-аулақ әңгімеден білгеніміз: Ғинекең бұл кеңшарға, ата-баба мекеніне келгеніне көп болмапты.



Өйткені оның ата-анасы да ұлы кәмпеске, одан кейінгі ашаршылық жылдарында Алматы асып кетіпті. Бұл 1935 жыл болса керек. Сол кезеңнен 1964 жылға дейінгі отыз жылға жуық ғұмыры Алатау баурайында өткен ағамыз Қаныш нағашысының қанатының астында, қамқорлығында болған күн-

дерін қамыға еске алатын. Сөйтсек әкесі Сапиолла Ұлы Отан соғысына аттанғаннан оралмай, шешесі Зайда Әпсәләмқызы буыны қатып, бұғанасы қатпаған мұны медет қылып қалған. Тегінде, бүткіл Баянауыл төңірегінде, иісі Қаржас ішінде Мырзағұл Шорман тұқымынан кейінгі Жәдігер

Сәтбай әулетінен асқаны азды. Сол айтқан Сәтбайдан Әбдікөрім, Әпсәләм, Мағаз, Жәмін, Имантай туыпты. Жаңағы Зайда анамыз ағайын арасындағы еншісі бөлінбеген Імекеңнің қолында өсіп, бой жеткен. Міне, не сәбептен Қанағақтың Ғинекеңді қаншалықты қорғаштап, құрметтегені. Бірде ол ағамыз туралы былайша толғана бір сыр шерткені бар:

– Мен 1959 жылы өскер қатарынан келген соң Алматының басында үй сала бастадым. Құрылыс материалдары қат. Қиыншылықтар көп басқай. Соны естіген болуы керек, күндердің бір күнінде Қаныш нағашым мені іздеп, шақыртып жатқаны жайлы хабар алдым. «Бұл не шақырыс?» деген ой үстінде кабинетінің есігін імөне ашып, ішке еңсем, орнынан түрегеліп, маңдайымнан сүйіп, жанына отырғызып, хал-жағдайымызды сұрауға кірісті. «Айналайын, – деді ол сонда өзіне тән жұмсақ, байыпты да биязы үнімен, – не істеп жүрсің, күз түсуге екі-ақ ай қалды. Оның соңы қысқа ұласып, анаңды суыққа ұрындырып алмай-

сың ба?» деген жедел осы қысқа – қайырым тіл қатысудан кейін көмекшісі Бөпежан Аяпбергеновті шақырып, маған қолынан келгенінше көмек көрсетуіне нұсқау берді. Сөтін салып, үйдің құрылысы да қар түспей аяқталды. Ол кісінің туған-туысқа деген мейірім-шапағатын бұдан кейін де сан рет көрдік. Қанағаң 1964 жылы дүниеден өткен соң шешем «Ата-баба топырағына оралайық, қарағым» деп қолқа салды. Көңілге қонарлық сөз болғандықтан шегінер жер жоқ, осында көліп тұрғақтарғаныз.

...«Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген қазекемнің жаман бір сөзі бар. «Жиен неге ел болмайды – малы болса, желке неге ас болмайды – жалы болса» дейтін қарсы уәжине де қанықпыз. Сол айтқандай, ұлы нағашысын ұлықтауға Ғинекеңнің де қосқан үлесі үлкен. Қолында білік, күш-қару тұрғанда ол Қанағақтың туған ауылы Теңдікте ғалым атындағы орта мектеп алдына ескерткіш мүсінін орнатуға мұрындық болды. Екінші ескерткішін кеңшардың қаража-

тымен атақты сәулетші Хакімжан Наурызбаевтың кеңесімен жасаттырып, орталықтағы Мәдениет үйінің алдына қойдырды. Бірақ ақсақал өле-өлгенше Қарағанды қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы көшеде қойылған ескерткішке көңілі толмай кетті. «Мұнда бір иығы қушиған қайдағы біреу бейнеленген» деп отыратын марқұм. Сонымен қоймай, не де болса оны елеусіз жерден хөрнекті бір орынға көшіру, яғни ҚарМТУ ғимараты алдындағы алаңға ауыстыруға байланысты қалалық әкімдікке қанша рет хат жолдады. Бұл ұсыныстың назарға алынғандығын хабарлаған Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары А.Сәлімбаеваның 2007 жылғы 13 тамыздағы жауабын да білеміз. Аталған шаруа дәл күні ертең болмаса да, халқымыздың мақтанышы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың алдағы 2009 жылы тойланатын 110 жылдық мерейтойында жүзеге асып жатса, асыл ағамыздың да, сүйікті жиенінің де аруақтары бір аунап түсіп, ел-жұрт та ересен риза болар еді...

Өтеу НҰРҒАЛИЕВ,
ҚарМТУ-дың доценті,
экономика ғылымдарының
кандидаты.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.

СУРЕТТЕ: Қаныштың жиені
Ғинаят жұбайы Күлтаймен.